


ЖЕМ - САҒЫЗ

№18 (7878) 7 мамыр, Бейсенбі 2026 жыл

<https://zhemsagyz.kz/>zhemsagyzgazeti@mail.ru*Есептік кездесу*

КӨЛТАБАН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ: АТҚАРЫЛҒАН ІСТЕР МЕН БОЛАШАҚ БАҒЫТТАР

Аудан әкімі Айбек Көпеновтың бұл жолғы сапары Жарлы, Қораши және Жыңғылдытоғай ауылдарындағы қордаланған мәселелердің түйінін тарқатып, атқарылған жұмыстың сапасын безбендеуге бағытталды. Инфрақұрылымды жаңғырту, «Ауыл аманатымен» кәсіп ашу және «Таза Қазақстан» акциясымен ауыл келбетін өзгерту – мұның бәрі құрғақ уәде емес, көлтабандықтардың күнделікті өміріне енген оң өзгерістердің бастауы болып отыр.



Көлтабан ауылдық округі — экономикалық әлеуеті тұрақты, тұрғындардың бірлігі бекем, инфрақұрылымы дамыған өңірлердің бірі. 2026 жылдың алғашқы алты айы округ үшін берекелі жұмыстар мен жағымды жаңалықтарға толы болды.

Бүгінгі таңда округ құрамындағы Жарлы, Қораши және Жыңғылдытоғай елді мекендерінде барлығы 2225 адам тұрады. Халықтың басым бөлігі, яғни 1843 адам Жарлы ауылында шоғырланған. Округте тұрғындардың әлеуметтік мәселелеріне баса назар аударылады. Мәселен, жыл басынан бері 18 азамат тұрақты жұмысқа орналасса, 19 адам қоғамдық ақылы жұмысқа тартылды. Жастар саясаты аясында 6 маман мандығы бойынша қызметке кірісті.

грант иегері атанып, бүгінде өз кәсібін деңгелетіп отыр. Сонымен қатар «Ерлан» шаруа қожалығы 46 бас ірі қараға арналған заманауи бордақылау алаңын іске қосса, жеке кәсіпкер Б.Қасымованың «Дәм» кафеі жанынан 10 орындық қонақ үй салып, оның алғашқы алты орнын пайдалануға беруі — ауылға келетін қонақтар үшін қолайлы жағдай жасаудың үлгісі.

Округте мал басының саны тұрақты өсіп келеді. Округ әкімі Нұрсая Есқазиеваның сөзінше ірі қара — 4601, ұсақ мал — 14208, жылқы — 3540 мал басын құрайды. Мал азығымен қамтамасыз ету, ветеринарлық қауіпсіздік және мал бағуды жүйелеу жұмыстары жолға қойылған. Атап айтқанда, ірі қара малға төрт бағыт бойынша бақташылар ұйымдастырылып, жайылым мәселесі

«Таза Қазақстан» акциясы аясында округте 340 тонна қоқыс шығарылып, 500 түлпектен астам ағаш отырғызылды. Ерекше атап өтетін жайт, ауыл мектебін осыдан 50 жыл бұрын бітірген түлектер туған жеріне тарту жасап, орталық стадионға егілген 300 түл терекке тамшылатып суару жүйесін орнатып берді, - дейді округ әкімі.

Айтуынша, «Сағыз Петролеум Компани» ЖШС-і сияқты ірі кәсіпорындар ауылдың әлеуметтік мәселелеріне белсене араласуда. Олардың қолдауымен Қораши ауылына баратын жол жөнделіп, «Қуаныш» және «Шатырсай» бөгеттері қалпына келтірілген. Сондай-ақ, ауыл ақсақалдарының бос уақытын тиімді өткізуі үшін Жарлы ауылдық клубынан арнайы «Ардагерлер бөлмесі» де ашылған.

Жүргізілген жұмыстарға тоқталған округ әкімі ауқымды жоспарларымен де бөлісті. Олардың ішінде Жарлы ауылындағы темір жолдың арғы бетінде тұратын бүлдіршіндер үшін заманауи ойын алаңын салу, ескі стадионды жаңғыртып, жаңа спорттық алаңдар тұрғызу, орталық саябақ құрылысын аяқтап, ауыл тұрғындарының демалыс орнына айналдыру, төтенше жағдайлардың алдын алу үшін құтқарушылар бекетін іске қосу, Қораши ауылына баратын көтерме жол құрылысын толық аяқтау бар.

Көлтабан ауылдық округінде атқарылып жатқан бұл жұмыстардың барлығы — халықтың игілігі мен ауылдың болашағы үшін жасалып жатқан қадамдар. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, ауыл тұрғындары мен кәсіпкерлердің ортақ іске қосқан үлесі өңірдің өркендеуіне кепіл болмақ.

Әйгерім ӘНУАРБЕК

Ауылда шағын және орта бизнесті дамытуға мемлекеттік қолдаудың тигізер пайдасы зор. Бұған «DAMA» тігін шеберханасын ашқан Құралай Әбдіғалиеваның мысалы дәлел. Ол қайтарымсыз

тиімді шешілуде.

— *Ауылдың келбеті мен тұрғындардың жайлылығы — басты назарда. Көше жарығын жаңарту мақсатында 22 жарық шамы ауыстырылды.*

Шара

ҚАҺАРМАНДЫҚ ПЕН ҚАЖЫРЛЫ ЕҢБЕКТИҢ ДАҢҚЫ

Аудандық музейде 9 мамыр - Жеңіс күні мен соғыс және еңбек ардагерлерінің 100 жылдық мерейтойына арналған «Қаһармандық пен қажырлы еңбектің даңқы» атты салтанатты кездесу кеші өтті. Бұл шара - Отан үшін от кешкен батырлардың ерлігін ұлықтап, олардың өшпес мұрасын келер ұрпаққа аманаттауды мақсат етті.



Тағылымды шара барысында ел қорғаған ерлердің ерлігі мен бейбіт өмір жолындағы қажырлы еңбегі дәріптеліп, жас ұрпаққа өнеге болатын естеліктер айтылды. Кездесу кешіне Ұлы Отан соғысының ардагерлері: Жаулин Мыңбай, Қабиев Камаладин, Жұматаев Қантөре, Көкшин Шоқырай, Елемесов Сайын, Бұқаров Қалеш, Абдуллин Әшім және Қоңыров Шүрәнбай аталарымыздың ұрпақтары қатысты.

Жиынға қонақ болып келген аудан әкімінің орынбасары Нұржан Адаев, аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Ақбота Қомыт, аудандық мәдениет, тілдеді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Роза Айтжанова қатысты.

Жиын барысында ардагерлердің өмір жолы мен елге сіңірген еңбектері кеңінен насихатталып, олардың жарқын бейнесі құрметпен еске алынды. Ардагерлердің балалары мен немерелері өз аталары туралы сырлы әңгімелер айтып, патриоттық әндер шырқалды. Сондай-ақ, шара аясында музей қорын толықтыру мақсатында ардагерлерден қалған құнды жәдігерлер мен тарихи құжаттарды музейге тапсыру туралы ұсыныс айтылды.

Ерлік пен елдік рухын ұлықтаған бұл кеш қатысушыларға ерекше әсер сыйлап, «Ерлік ешқашан ұмытылмайды» деген ұранмен түйінделді.

«Жем-Сағыз» ақпарат

*Құриетті ауылдастар!
Қадірлі Қарулы Күштер
Жауынгерлері мен ардагерлері!*

Сіздерді еліміздің айбынды мерекесі – Отан қорғаушы күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Тәуелсіз еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде әскери қызметшілеріміздің еңбегі зор. Елін, жерін қорғауды қасиетті борыш санаған жауынгерлеріміз бен офицерлеріміз әрдайым құрметке лайық. Олардың ерлігі мен батылдығы – кейінгі ұрпаққа үлгі, ал Отанға деген адалдығы – нағыз патриотизмнің жарқын көрінісі.

Бүгінде Қазақстанның Қарулы Күштері заман талабына сай дамып, кәсіби әрі қуатты армияға айналып келеді. Бұл – еліміздің қорғаныс қабілетін нығайту жолындағы жүйелі жұмыстың нәтижесі.

Тәуелсіздігіміз мен тыныштығымызды, қауіпсіздігіміз бен бейбітшілігімізді қас қақпай күзетіп, халқымызға қорған болған ұлттық әскеріміздің айбыны арта берсін!

Мереке күні баршаңызға зор денсаулық, отбастарыңызға амандық пен бақ-береке тілеймін! Еліміздің тыныштығы берік, тәуелсіздігіміз мәңгі болсын!

Байғанин ауданының әкімі А.Купенов

*Құриетті аудан тұрғындары,
Қылыбатты тыл ардагерлері!*

Сіздерді 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл – халқымыздың ерлігі мен бірлігін, батыр бабаларымыздың қайсар рухын айшықтайтын ұлы мереке. Жеңіс күні – бейбіт өмірдің қадірін ұғындырып, елдік пен тәуелсіздіктің бағасын терең сезіндіретін қасиетті күн.

Тарихқа көз жүгіртсек, Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары Байғанин ауданы бойынша 2 500-ге жуық азамат майданға аттанып, олардың 700-і хабар-ошарсыз кеткен. Ұрыс даласында 1200-ге жуық жауынгер қаза тауып, тек 500-ге жуық жерлесіміз елге аман оралып, бейбіт еңбекке араласты. Бұл – әр отбасының жүрегіне жара салған ауыр тарих, әрі өшпес ерліктің айғағы.

Ұлы Отан соғысы жылдарында майдан даласында жанқиярлықпен шайқасқан жауынгерлеріміз бен тылда тынымсыз еңбек еткен азаматтарымыздың ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Сіздердің табандылықтарыңыз бен Отанға деген шексіз сүйіспеншіліктеріңіздің арқасында бүгінгі бейбіт өмірге қол жеткіздік.

Соғыс және тыл ардагерлерінің ерліктері бүгінгі ұрпақ үшін – мәңгілік өнеге. Батыр бабаларымыздың даңқты жолы жас ұрпақты отансүйгіштікке, елге қызмет етуге тәрбиелейді.

Қадірлі ардагерлер! Сіздерге тағзым ете отырып, мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыларыңызға амандық пен бақ-береке тілеймін! Елімізде әрдайым бейбітшілік пен тұрақтылық орнасын!

Жеңіс рухы мәңгі жасай берсін!

Ізгі ниетпен,**Байғанин ауданының әкімі А.Купенов****Форум**

ӘКЕ – ОТБАСЫНЫҢ ТІРЕГІ

«Отан қорғаушылар күні» мерекесіні орай аудандық мәдениет үйінде ел игілігі мен отбасы берекесін ту еткен ер азаматтардың басын қосқан салтанатты жиын өтті. Бұл шара әкелердің қоғамдағы рөлін ұлықтап, жас ұрпақ тәрбиесіндегі жауапкершілігін паш етті.

Жиынның ашылу салтанатында аудан әкімінің орынбасары Нұржан Адаев құттықтау сөз сөйлеп, форумның маңыздылығына тоқталды. Ол өз сөзінде әке мен бала арасындағы рухани сабақтастықтың ұлт болашағы үшін қаншалықты маңызды екенін атап өтті.

Форум аясында ауданымыздың қоғамдық өміріне белсене араласып, ұрпақ тәрбиесінде дара жол салған бір топ азаматтар аудан әкімі Айбек Көпеновтың «Алғыс хатымен» марапатталды. Маратталған дардың қатарында еңбегімен еленген тұлғалар бар. Атап айтсақ, Игілік Сүйесінов, Құрал Берқалин, Сағынбай Дүсіпов, Мақсат Машариов, Жеңіс Нәбиев, Аманкелді Есжанов, Мейрамбек Жұбашев сынды әкелер құрметке ие болды.

Форумның екінші бөлімінде аудандық білім бөлімінің басшысы Мұрат Дабысов «Әкелер мектебінің» атқарған жұмыстары туралы баяндама жасады. Сонымен қатар, көп балалы әкелер У.Аниязов, теміржол саласының ардагері Д.Тәжімағанбетов және «Мерей» ЖШС-нің қызметкері Р.Сұлтанов марапатталып, өздерінің өмірлік тәжірибелерімен бөлісті.

Ерекше атап өтерлік жайт, жиын барысында «Фамли батл» атты отбасылық интеллектуалдық ойынның қорытындысы жарияланып, неіжесі бойынша 1-орынды - Оразғалиевтер отбасы, 2-орынды - Аманжоловтар отбасы, 3-орынды - «SterioWhite» тобы иемденді.



Шара барысында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қ.Өлжан және аналар кеңесінің төрайымы А.Ақдәулетова сөз алып, әке мен ананың отбасындағы үлесіміз — бақытты қоғамның кепілі екенін айтты.

Форум мәдениет үйі өнерпаздары мен «Ауылдың балалары» ансамблінің орындауындағы әсем әндермен өрнектелді. «Әкеме қошемет соғындар» әнімен түйінделген шара қатысушыларға ерекше рухани жігер сыйлады.

«Жем-Сағыз» ақпарат

Ауыл шаруашылығы



ДАМУ ДРАЙВЕРІ - АУЫЛ: БАЙҒАНИНДЕГІ АГРОӨНЕРКӘСІПТІҢ ҚАРҚЫНЫ

Аудан әкімдігінің ғимаратында Ақтөбе облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Асқар Жүсібалиев бастаған жұмыс тобы ауданның аграрлық секторындағы өзекті мәселелерді талқылап, кәсіпкерлермен маңызды кездесу өткізді. Бұл кездесу – шаруалар мен билік арасындағы ашық диалогтың көпірі болды. Кәсіпкерлер өздерін толғандырған сұрақтарға тікелей жауап алып, алдағы жұмыс баспалдақтарын айқындап алды. Осы жиынның қорытындысы мен ауданның жалпы ауыл шаруашылығы әлеуеті туралы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Азамат Межештен сұрап білдік.

Байғанин ауданы – облыстағы ауыл шаруашылығы ең қарқынды дамып келе жатқан өңірлердің бірі. Бүгінгі таңда ауданда 400-ден астам шаруа қожалығы, 19 өндірістік кооператив және 5 ЖШС-і нәтижелі жұмыс істеп жатыр. Ауданның негізгі күші – мал шаруашылығында. Қазіргі таңдағы мал басының көрсеткіштері көңіл қуантады. Атап айтсақ, 50 мыңнан астам ірі қара, 132 мыңнан астам ұсақ мал, 33 мыңнан астам жылқы және 4 мыңнан астам түйе бар. Ауыл шаруашылығы өнімінің өсімі 109%-ды құрап, экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз етуде.

Мемлекет тарапынан көрсетілетін көмек шаруаларға бірнеше бағыт бойынша, яғни мал шаруашылығын асылдандыру, жем-шөп шығындарын өтеу және техника алуға берілетін субсидиялау, «Ауыл аманаты», «Агробизнес», «Іскер» және «Инвестициялық жоба» бағдарламалары арқылы төмен пайызбен берілетін жеңілдетілген несиесі. Сонымен қатар аудандағы 400-ден астам қожалықтың 185-і мемлекеттік бағдарламалармен қамтылған. Бұл – шаруалардың мемлекеттік қолдауға деген сенімі мен қызығушылығының жоғары екенін көрсетеді.

Жиын барысында ветеринарлық қауіпсіздік пен жер қатынастары мәселесі де ерекше талқыланды. — Ауданда мал шаруашылығы негізгі сала болғандықтан, ветеринарияның маңызы өте жоғары. Негізгі өзекті мәселелер - мал аурулары, вакцинация, малдарды бірдейлендіру жұмыстары мен кадр тапшылығы, т.б. Бұл мәселелердің оң шешілуі ветеринария мамандарымен қатар шаруалардың жауапкершілігіне де



тікелей байланысты. Кейбір мал иелері малды тіркемей, екпеге уақытында әкелмей ветеринариялық талаптарды сақтамайды. Бақылау мен жауапкершілікті арттырса, әртүрлі мал ауруының алдын алу жұмыстары жүйелі жүргізілетін болады, — дейді бөлім басшысы.

Ауданның жалпы жер көлемі 6,1 млн га болса, оның 1,4 млн га жері шаруашылықтарға бекітілген. Қазіргі таңда жайылымды тиімді пайдалану үшін игерілмей жатқан жерлерді мемлекетке қайтару және су көздерін (құдық қазу) жандандыру жұмыстары жүріп жатыр.

Кездесуде шаруаларға отандық зауыттардың өнімдері, мәселен, бағасы 3,8 млн теңгеден басталып, қуаты 40-тан

210 ат күшіне дейін жететін «KAZKIOT» тракторлары мен импорттық техникалардан арзан әрі сапалы болып келетін «Kazrost Engineering» өнімдері таныстырылды. Бұл техникаларды «ҚазАгроФинанс» арқылы 3-7 жылға, небәрі 6%-бен лизингке алуға болады. Сонымен қатар мемлекет техника құнының 30%-на дейін субсидиялап береді.

Биылғы жылы ауданда мал азығы базасын нығайту, малды асылдандыру және инвестиция тарту жұмыстары күшейтіледі. Бұл – мәдениет, ал мәдениет тазалықтан басталады. Екі айлық барысында 373 тонна қоқыс арнайы полигонға шығарылды. Бұл – мәселенің ауқымын да, тұрғындардың жауапкершілік деңгейін де қатар көрсетіп көрсеткіш. Айта кету керек, бұл жұмыстар тек ерікті түрде ғана емес, талап арқылы да жүзеге асуда. Аудан кәсіпкерлері мен мекемелеріне аумақтарын

Әйгерім ЖАРТИНА

Таза Қазақстан

КӨГАЛДАНДЫРУ ЖҰМЫСЫ ЖАЛҒАСУДА

Ауданда жарияланған екі айлық сенбілік бұл жолы жай есеп үшін өткізілген кезекті акцияға ұқсамайды. Мыңнан аса адам қатысып, мыңдаған көшет отырғызылып, жүздеген тонна қоқыс шығарылғанымен, негізгі сұрақ әлі де өзекті: бұл бастамалар тұрақты мәдениетке айнала ма, әлде кезекті «тазалық марафоны» ретінде ұмытыла ма? «Таза Қазақстан» аясындағы жұмыстар нақты нәтижемен көрінгенімен, ендігі сын – сол нәтижені сақтап қалуда.

Сонымен...

Аудан бойынша жүргізілген көгалдандыру және санитарлық тазалық шараларына 1064 адам жұмылдырылған. Олардың қатарында мемлекеттік мекемелер, кәсіпорындар, жастар ұйымдары, еріктілер мен қарапайым тұрғындар бар. Яғни бұл жолы «тазалық – тек коммуналдық қызметтің міндеті» деген түсінік шетке ысырылғандай.

Жоспар бойынша аудан аумағында 8500 түп көшет отырғызу көзделген. Алдымен ауданда көшет жәрмеңкесі ұйымдастырылып, онда орман шаруашылығы мекемесі үйеңкі, терек, қарағаш, акация, ива секілді ағаш түрлерін ұсынса, жергілікті кәсіпкерлер 200 дана жеміс-жидек көшеттерін халыққа жеткізген. Содан кейін 18 сәуір күні өткен «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясындағы жалпыхалықтық ағаш отырғызу күнінде 2732 түп ағаш егілді. Оның ішінде, ақын-жазушылар саябағына – 320 түп, скверге – 50 түп, «Тәуелсіздік» саябағына – 50 түп, ал аудандық мәдениет үйінен «Аманат» партиясы ғимаратына дейінгі аумаққа жасыл қоршау отырғызылған.

— Бұдан бөлек, 1 мамыр күні ауыл жастарының қатысуымен «Қазпошта» мен Орман шаруашылығы ғимаратарының алдына 78 түп үйеңкі көшеті егілді. Көгалдандыру тек ағаш отырғызумен шектелмейді. Бұл – мәдениет, ал мәдениет тазалықтан басталады. Екі айлық барысында 373 тонна қоқыс арнайы полигонға шығарылды. Бұл – мәселенің ауқымын да, тұрғындардың жауапкершілік деңгейін де қатар көрсетіп көрсеткіш. Айта кету керек, бұл жұмыстар тек ерікті түрде ғана емес, талап арқылы да жүзеге асуда. Аудан кәсіпкерлері мен мекемелеріне аумақтарын



күтіп ұстау бойынша ескерту қағаздары таратылып, талапты орындамағандарға заң аясында шара қолданылды. Нәтижесінде, 198 әкімшілік хаттама толтырылып, 91 мың теңге көлемінде айыппұл салынды, - деді аудан әкімінің орынбасары Рүстем Раушанов.

Айта кету керек, жастарды экологиялық мәдениетке баулу бағытында да алғашқы қадамдар жасалып жатыр. Мәселен, колледж студенттері мен Жастар ресурстық орталығының қызметкерлері «Жұлдыз» ойын алаңын жөндеп, тазалық жұмыстарын жүргізген.

Бұл жолғы акцияның ерекшелігі – ауқымында ғана емес, қатысушылардың кеңдігінде. Шенеунік те, студент те, кәсіпкер де бір алаңда еңбек етті. Бұл – қоғамның ортақ іске бейжай қарамайтынын көрсетеді.

Әйгерім КАРИМАН

Таза Қазақстан

ТУҒАН ЖЕРГЕ ТАҒЫМ: СТУДЕНТТЕР «ЖҰЛДЫЗ» АЛАҢЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРДІ

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне орай Байғанин техникалық колледжінің студенттері игілікті іс атқарды. Жастар мереке аясында ауылдағы «Жұлдыз» ойын алаңына жөндеу жұмыстарын жүргізіп, елді мекенді абаттандыруға өз үлестерін қосты.



Мерекелік күн тек салтанатты шаралармен шектелмей, нақты іспен айышталды. Студент жастардың тікелей қатысуымен өткен бұл шара барысында ойын алаңындағы сынған және тозығы жеткен орындықтарды қайта қалпына келтіру, алаңдағы зақымдалған темір құрылғылар мен қоршауларды арнайы дәнекерлеу аппаратымен бекіту, қауіпсіз күйге келтіру жұмыстары атқарылды. Бұл жұмыстарға Байғанин техникалық колледжінің болашақ мамандары тартылып, өздерінің кәсіби дағдыларын іс жүзінде көрсетті.

— Байғанин техникалық колледжінің «Электрдің дәнекерлеуші» және «Ағаш өңдеу шебері» мамандығында оқитын білім алушылар теориялық білімдерін іс жүзінде көрсетіп, ауыл тұрғындарының сүйікті демалыс орнын ретке келтірді. Оқу орнында алған білімдерін өндірістік тәжірибемен ұштастырған студенттер саябақтағы тозығы жеткен темір қоршауларды, сынған орындықтар мен үстелдерді жөндеп шықты. Электрдің дәнекерлеушілер сынған темір конструкцияларды дәнекерлеп, нығайтса, ағаш өңдеу шеберлері үстелдер мен орындықтардың ағаш бөліктерін ауыстырып, сырлап, қайта қалпына келтірді. Білім алушылар оқуда үйренгендерін іс жүзінде қолдану арқылы кәсіби дағдыларын шыңдады. Демалыс орнының қайта жаңғыруы — тек сұлулық ғана емес, сонымен қатар жас буынның еңбекке деген

құштарлығы мен туған жерге деген жаныштылығының көрінісі, және мамандыққа деген құрмет. Бүгінде жұмысшы мамандықтарына деген сұраныс жоғары. Осы іс-шара арқылы білім алушылар өздері таңдаған кәсіптің маңыздылығын тағы бір мәрте дәлелдеді, - дейді Байғанин техникалық колледжінің директоры Дәуренбек Қуанов.

Шараны ұйымдастырушылар қатарынан бой көрсеткен Жастар ресурстық орталығының басшысы Мейірболат Шандыбай бұл бастаманың басты мақсаты жастардың бойында туған жерге деген сүйіспеншілікті ояту және қоғамдық жауапкершілікті арттыру, экологиялық мәдениетті қалыптастыру екенін айтты.

— Абаттандыру жұмыстары – елді мекеннің келбетін жақсартып қана қоймай, студенттердің қоршаған ортаға ұқыпты қарау мәдениетін қалыптастыруға бағытталған нақты қадам. Жастардың бойына осы қасиеттерді сіңіре отырып, сынған, бүлінген ойын алаңын қалпына келтіруді ойладық. Одан бөлек, сол жерде жасалған тазалық жұмыстары мен ағаш көшеттерін суару жұмыстары колледж студенттерімен атқарылды, - дейді орталық басшысы. Студенттердің күшімен жасалған «Жұлдыз» ойын алаңы енді қайтадан ауыл бүлдіршіндерінің сүйікті орнына айналмақ.

Әйгерім ЖАРТИНА

Шара

ЖҰМБАҚ ПЕН ӨНЕР ТОҒЫСҚАН КЕШ

Байғанин ауданында көрерменді бірден баурап алған жаңа форматтағы ерекше жоба – «Маска шоу Байғанин» сахнаға жол тартты. Жұмбаққа толы музыкалық шоуға түрлі образға енген қатысушылар бетперде астында өнер көрсетіп, көрермен мен қазыларды интригаға бөледі. Кімнің кім екенін табу – кештің басты тартысына айналып, әрбір нөмір тысынсыз мен эмоцияға толы әсер сыйлады. Бұл жоба аудан мәдениетіне тың серпін әкеліп, өнер мен креативтің жаңа деңгейін айқын көрсетті.



Аудандық мәдениет үйінің ұйымдастыруымен алғаш рет көрерменге жол тартқан жоба әдеттегі шоудан өзгереді. «Маска шоу» бірнеше кезеңнен тұрса, бұл жолы тәжірибе есебінде өтті. Жарыс форматында емес, өнер көрсетуді мақсат еткен жеті кейіпкер әр саланың маманы. Ұйымдастырушылардың айтуынша, басқа қырынан танылған кейіпкерлер - мәдениет қызметкері Ақбайан Дүйсенқұл, әнші Ақбота Тәжмағанбетова, әлеуметтік желі белсендісі Нұрбаян Оразов, интеллектуалдық ойындар ұйымдастырушысы Ақылбек Аманбекұлы, шығармашылық орталық суретшісі Гүлдана Серікбайқызы, энергосистема саласындағы Боғдан Жомартұлы, төтенше жағдайлар бөліміндегі Нұрлыбек Алмағанбетов өнерден хабары бар жандар.

- Қазылар алқасы масканың артында жасырынған кейіпкерді табуы керек болды. Қатысушылар алдымен экраннан өздері туралы ақпарат айтып, кейін өнерін көрсетті. Өн орындалып болған соң, қазылар-детективтер бір ғана сұрақ қою арқылы жұмбақтың жауабын шешуге тырысты. Өн тұрғысынан Елдос Қожабаев,

интуициялық бағыттан Мейірболат Шандыбай, киім киісі мен жүріс-тұрысынан, айтылған ақпаратқа сүйене отырып тануға тырысқан Айгүл Тілеулина мен Балнұр Ермекебай өздеріне жүктелген міндетті жоғары деңгейде алып шықты. Басым көпшілік маска артындағы жандарды анықтады. Шатастырған кейіпкерлер де болды, - деді аудандық мәдениет үйі директорының орынбасарының уақытша міндетін атқарушы Нұрдауір Нұрланұлы.

Шараны ұйымдастыру барысында аса қиындықтар кездеспегенін айтқан ол, егер шоуы кезең-кезеңмен өткізгенде маска артына жасырынған жұмбақ жанның танылып қалатын қаупінің жоғары болғандығын атап өтті. Шараға қатысушы жандарға барынша отбасы мүшелеріне айтпау сынды қатаң талап та қойылғанын жасырмады.

-Көрерменнің алғашқы әсері өте жоғары болды. Қазылар алқасы кейіпкерді тануға тырысып жатқан сәтте, көрермен де өзара пікірталасып, масканың анық шешілуіне белсенді ат салысты. Замануи форматта дәл осындай жобалар аудандық мәдениет үйіне ауадай қажет.



Республикалық, телевизиялық «Маска шоу» мега жобасы әлемнің 52 елінде ұйымдастырылған. Өзірге өңірдің басқа аудандарында өткенін көргенім жоқ. Қатысушылардың өнерінің деңгейіне «5» деген баға беремін. Талапқа көніп, ән айтып қана қоймай, ауыр костюм астында би билеп, өздерінің актерлік шеберліктерін де көрсетіп, көрерменді шатастыруға жұмыстанды. Оң нәтиже берген жоба болған соң, әрине тағы да жалғастыру жоспарда бар. Қатысушы санын көбейтіп, күз айына деп жоспарлап отырмыз. Аудандық мәдениет үйінің алға қойған жоспарларында «Біз жолға шықтық» реалисти бағдарламасы – жаз айларында әр ауылдық округті аралайтын болады. Балаларға арналған түрлі түсірілімдер, театрлық қойылымдар, аудан жұртшылығы үшін тағы бір жаңа жоба – «Stand UP» өткізу жоспарда бар, - деді Нұрдауір Нұрланұлы.

Әйгерім ЖАРТИНА

Ғұмыр

ЕҢБЕКПЕН ӨРІЛГЕН ҒҰМЫР

Тарихтың талай белесін артқа тастап, тұтас бір дәуірдің тыныс-тіршілігін өз көзімен көрген, балалығын соғыс ұрпаған, ел экономикасының қалыптасуы мен дамуына сүбелі үлес қосқан еңбек ардагері Айдынғали Жұбанғосов биыл мерейлі 90 жасқа толып отыр. Саналы ғұмырын есеп-қисап пен ел игілігіне арнаған білікті экономистің өмір жолы – тұнып тұрған тағылым, табандылық пен адал еңбектің жарқын үлгісі. Қай кезеңде де жауапты қызметтің жүзін көтеріп, ел сенімін ақтай білген қарияның естеліктері – өткеннің шежіресі ғана емес, бүгінгі ұрпаққа бағыт-бағдар болар құнды мұра. Біз мерейтой иесімен жүздесіп, ғасырға жуық ғұмырдың сабақтары мен ел дамуы жайындағы ой-толғамын тыңдаған едік.

Жеңіс күні — тек майдан даласындағы ерліктің ғана емес, тылдағы табандылық пен тынымсыз еңбектің де мерекесі. Сұрапыл соғыс жылдарында бар ауыртпалықты қайыспай көтеріп, жеңісті жақындатуға үлес қосқан тыл ардагерлерінің еңбегі – ұрпақ жадында мәңгі сақталатын қастерлі тарих. Бүгінде сол буынның қатары сиреп бара жатқан шақта, олардың әрбір естелігі мен өмір жолы – баға жетпес мұра. Жеңіс күні қарсаңында сұхбатқа келісім берген қарияны іздеп шаңырағына бардық. Айдынғали ата қолына көк дәптерін ұстай, ширақ қимылдап бөлмесін шықты. Әңгімесін арыдан, 1936 жылы өмірге келгенінен бастады.

- 1955 жылы Жарқамыс орта мектебін бітірдім. Ол уақыт қиын кезең болды ғой, балам. Неміс басқыншылары соғыс ашып, жаракты деген азаматтар елін, Отанын қорғауға аттанып кетті. Біздің балалық балғын дәуірімізді соғыс ұрлады. Елде жұмыс жасайтын жаракты адам болмаған соң, қабырғамыз қатпаған 8-9 жасар бізді колхоз шаруашылығының шөп шабу, шөп тасу, тырмалау, шөмелеу, егін ору, астық бастыру сияқты жұмыстарға жұмсады. Оның бәріне мойынсұнуды өмірдің өзі-ақ үйретеді екен. Осылай жүріп ерте есейдік, бала болып ойнамадық. Ішерге дұрыс тамақ, киерге киім жоқ. Бірақ, жұмыс тоқтамады. Себебі, мезгіл сондай-тұғын. Бар тапқан таянғанды соғысқа кеткендерге жөнелттік. Ол уақытта уақытпен санасу деген жоқ. Таңның атысы, күннің батысы қажырлы еңбек еттік. Елде қалған бар жанның «соғыс аяқталса, ерлер елге аман оралса» деген тілегі бір болды. Ауызбіршілігі тату боп, бір адамдай еңбек етті. Елге қатты соққы боп тиетін тағы бір жайт – «қара қағаз» келген күн болатын. Баласынан, жарынан, әкесі мен бауырынан айырған хабарды естіретін қаралы хабар үздіксіз келетін. Оқудан шыққан әрбір демалысымыз колхоздың әрбір мүшесі есебінде тіркеліп тұрдық да, келесі оқу басталғанға дейін жұмыстан бас көтермедік, - деді атай.


Әкесі Жұбанқос 2003 жылы 91 жасында өмірден өтсе, анасы Ақбілек 2004 жылы дүние салады. Бүгінде жұбайы Айман екеуінен тараған алты баладан 14 немере, 11 шөбере сүйген Айдынғали атаның мамандығы - экономист. Мектеп бітірген соң, Алматы қаласындағы «Киров» атындағы университеттің «есептеу және экономика» факультетін аяқтайды. Есепші, экономист мамандығын алған ол, колхозда бас есепшінің орынбасары, одан бері совхоз уақытында аға экономист, бас экономист болады. 1982 жылы Дияр совхозын құруға ат салысады. 21 жыл сол совхозда жұмыс жасайды. Дияр совхозының орталығы Бесбай деген жерде тұрып, 2003-те Қарауылкелдіге көшіп келеді.

-Мен еңбек жолымды бастаған кезең – кеңестік жоспарлы экономика үстемдік құрған уақыт еді. Ол кезде барлық өндіріс, баға, еңбек бөлінісі мемлекет тарапынан қатаң реттелді. Жұмыссыздық деген ұғым болған жоқ, халық тұрақты жалақы алып отырды. Бірақ сонымен қатар таңдау еркіндігі шектеулі болды, бәсекелестік жоқтың қасы еді. Кәсіпкерлікпен айналысу мүмкін болмады, жаңашылдық пен жеке бастамаларға кең жол ашылмады. Ал тәуелсіздік алғаннан кейін ел экономикасы түбегейлі өзгерді. Нарықтық қатынастарға көшу оңай болған жоқ, алғашқы жылдары халық біраз қиындықтарды бастан өткерді. Дегенмен уақыт өте келе жеке меншік қалыптасты, кәсіпкерлік дамыды, шетелдік инвестициялар тартылды. Бүгінде Қазақстан экономикасы әр тараптанып, әлемдік нарықпен тығыз байланыс орнатты. Қазіргі жүйенің басты ерекшелігі – еркіндік пен мүмкіндік. Әр адам өз ісін ашып, табысын арттыра алады. Бірақ сонымен бірге жауапкершілік те артты: әркім өз еңбегіне, біліміне, икеміне қарай табыс табады. Сондықтан бүгінгі жастарға айтарым – қандай кезең болмасын, білім мен еңбек қашанда бірінші орында тұруы тиіс. Заманы өзгерсе де, адал еңбек пен кәсібилік ешқашан өз құнын

жоғалтпайды. Бүгінгінің адамдарынан байқағаным – әркім өз қара басы үшін өмір сүріп жатыр. Еңбек ету, елге пайда тигізу жоқтың қасы. Күнделікті ішіп-жеуі үшін, жанының пайдасы үшін өмір сүріп жатқандай көрінеді. Ал, біздің кезімізде екі күн демалыста ұйымшылдықпен қойшылардың шөбін жинауға, көктемде қорасын тұрғызуға, қыста сол қораның қиын оюға жұмыла ат салысатынбыз, - дейді зейнеттегі экономист.

Тыл ардагері болып 1993 жылы зейнетке шыққаннан кейін үкіметтің, жергілікті атқарушы биліктің барлық жәрдемі мен мереке сайынғы құттықтауын үзбей алып отырғанын да жеткізді. 90 жылдық ғұмырында ең үлкен жетістігін – атақ не мансап емес, адал еңбегі мен тәрбиелеп өсірген ұрпағы деп білетін қария қай кезеңде де ел қатарлы еңбек етіп, өз саласында пайдасын тигізуге тырысқан. Азамат ретінде де, маман ретінде де өзіне жүктелген міндетті абыроймен атқару – басты мақсаты болды.

Өмірде түрлі қиындықтар да, сынақтар да аз болған жоқ. Соның бәрінен сүрінбей өтіп,



айналып өтпеді. Дәрігерім Нағима Кемешова медбикесімен өз келіп, мені ауруханаға жатқызбай емдеді. Сондағы айтқаны – жүрегім мен еңкемнің жақсы жұмыс жасауынан ол ауруды да жеңдім. Ол тажалдан аман қалған соң, Аллаға разымын. Осы жасыма дейін не арман болмады? Пенденің арманы таусылған ба? Алайда, өз маңдайына жазылған ризық-несібе сенен айналып өтпейді. Құдай артығын да бермейді. Оған көзім жеткен. Мен тек құдайдан сұраймын. Өзіне жайған қолымды төңірім қайтарған емес, - деп бір тоқтады.

Өз баласын еңбекпен тәрбиелеп, еңбек еткен адам ғана нәтижелі болатынын әр ұрпағы-

технологияның дамуы, тұрмыстың өзгеруі – бәрі әсер етпей қоймайды. Дегенмен балаға уақыт бөліп, оның тәрбиесіне терең мән беру ешқашан екінші орынға ысырылмауы тиіс.

Біздің кезде тәрбие ең алдымен отбасынан басталатын. Үлкенді құрметтеу, кішіге қамқор болу, еңбекқорлық пен тәртіп – күнделікті өмірдің ажырамас бөлігі еді. Ата-ана баласына тек жағдай жасап қана қоймай, өз ісімен үлгі көрсететін. Қазір кейде материалдық қамсыздандыру бірінші орынға шығып, рухани тәрбие кейін қалып бара жатқандай көрінеді. Балаға телефон беріп, еркін қоя салу – тәрбие емес. Оның кіммен араласып жүргенін, не көріп, не үйреніп жүргенін бақылап, бағыт-бағдар беріп отыру – ата-ананың міндеті. Өрине, заман өзгерді, бірақ адамгершілік құндылықтар өзгермеуі керек. Сендердің тілдеріңмен айтқанда бүгінде техника дамыды ғой, қарғам. Оның

дұрысы мен бұрысын мен де айыра аламын. Техниканың дамып, заман ағымына ілесу керектігін қабылдағанмын. Айлап хабар алмасатын заманның өкіліне минутта сөлем жеткізіп отырған мына алақандай нәрсеге қалай рақмет айтпайсың?! Қалта телефоны менде де бар, үйреніп алғанмын. Жолға шыққан балам мен оқудағы немеремнің, алыстағы ағайынның амандығын білу үшін керек-ақ. Ал, енді бұл заттың зияны тағы бар. Жастардың миын улап жатырған да осы, түрлі жағымсыз іске итермелеп жатқан да осы. Сондықтан жастар керегін алулары керек. Көшкен керуеннен қалмаймын деп, көрінгенге еруден аулақ болу керек. Сондықтан бүгінгі ата-аналарға айтарым – балаға ең керекі қымбат зат емес, дұрыс тәрбие, жылы сөз және ата-ананың назарында болу. Уақыт тауып сөйлесу, бірге еңбек ету, ұлттық құндылықтарды сіңіру – міне, нағыз тәрбие осы, - дейді қария.

Әңгіме барысында кейіпкерімізден ұзақ жасауының сырымен бөлісуін өтінгенімізде, сәл жымыып, «оның бір ғана құпиясы бар. Ол – адал болу» деді. Өлгенше жақсылық жасауды әкенің тәрбиесімен бойына сіңірген Айдынғали ата жасаған жақсылық алдыңа қайтып келсе де, келмесе де Алланың есебінде екеніне сенімді.

- Біріншіден, қай істі де шын ниетпен, жауапкершілікпен атқаруға тырыстым. Еңбек адамды шыңдайды, тәртіпке үйретеді, өмірге деген көзқарасын қалыптастырады. Екіншіден – қанағат пен сабыр. Өмірде бәрі бірден бола бермейді, қиындықсыз күн де жоқ. Сондай сәттерде сабыр сақтап, барға шүкір ету – адамды алға жетелейді. Үшіншіден – денсаулыққа мән беру. Қарапайым ғана өмір салтын ұстандым: уақытында тамақтану, қозғалыста болу, зиянды әдеттерден аулақ жүру. Тағы бір айтарым – адамдармен сыйластықта болу. Ағайын-туыс, дос-жаранмен аралас-құралас болу, ренішті ұзақ сақтамау да адамның ғұмырын ұзартады деп ойлаймын.

Сондықтан менің ұзақ жасауыма әсер еткен нәрсе – даңғаза емес, күнделікті өмірдегі тәртіп, еңбек, сабыр және адамдарға деген құрмет. Бүгінгі тілегім – елдің тыныштығы. Ұрпақ соғысты көрмесе, - деген қария батасын берді.

Әйгерім КАРИМАН



адамдық қасиетін жоғалтпай, елге, қоғамға қызмет ете алғанды жетістік санайтын ата, бүгінде ұрпағының өсіп-өркендеп, тәуелсіз елде өмір сүріп жатқанын көру – өзі үшін ең үлкен бақыт деп санайды. Сондықтан ең басты жетістік – артына жақсы із қалдырып, саналы ұрпақ тәрбиелеу, ешкімнің ала жібін аттап, қиянат жасамай және адал еңбектің қадірін түсіне білген өмір деп біледі.

- Ешкімге болмасын демедім. 2020 жылы елге індет келгенде мені де

ның санасына тоқып келе жатқан қарт, осы заманның ата-аналарына көңілінің толмайтынын да айтып қалды.

- Рухани азық болатын кітапты алдымен сол әке мен ана оқымайды. Санасы да, өмір сүру салты да баласының деңгейінен алыс емес әке мен шешені көріп келемін. Ол қандай ұрпақ тәрбиелейді? Кітап оқымаған ұрпақтың білімі де, ғылымы да, санасы да өспейді. Білім мен ғылым жоқ жерде ел де, жер де көктеп-көгермейді. Заманауи тіршіліктің қарбаласы,



Хабарландыру!

Құрметті «Байганин» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны су тұтынушылары!

Қазақстан Республикасы Су кодексінің 111-бабы 2-тармағы 2-тармақшасына сәйкес Су құбыры жүргізілген құдықтарыңызды санитариялық талаптарға 10 күн мерзім ішінде сәйкес келтірулеріңіз сұралады. Алдағы уақытта рейдтік іс-шаралар жоспарлануда. Аталған мерзім ішінде қалпына келтірілмеген құдықтардың су тұтынушылары су құбырынан ажыратылатын болады. Тағы да ауыл тұрғындарын суды дұрыс пайдалануға және үнемдеуге шақырамыз.

«Байганин» КМК әкімшілігі.

ЭЛЕКТРОНДЫ СОТ ӨНДІРІСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

Бүгінгі уақыт талабына сәйкес электронды сот өндірісі барынша қарқынды дамуда. Дүние жүзінің ең алдыңғы қатарлы, бәсекеге барынша қабілетті елдерінде өндіріс пен өнеркәсіп, экономика мен құқық, жалпы қоғамның барлық салалары қағазбастылықпен барынша арылып, электронды-сандық өндіріске ден қойған.



Республикамыздың сот жүйесі саласында да осы бағыттағы жұмыстар кеңінен жүзеге асырылуда. ҚР Жоғарғы Соты «Сот кабинеті», «Төрелік» , «Е өтініш» тағы да басқа көптеген электронды-ақпараттық сервистерді ұйымдастырып, халықтың игілігі үшін жұмыстарды тындыруда. «Сот кабинеті» арқылы электронды түрде талап арыздар тапсыруға, өтініш беруге, шағым жасауға, қолдауатты электронды түрде дайындауға және мемлекеттік бағды онлайн төлем арқылы шығаруға, басқа да жұмыстарды сот кеңселеріне бармай-ақ, үйінен де тындыруға мүмкіндіктер бар.

Соттың ашықтығын, жариялылықты қамтамасыз ету, сотқа жүгінушілердің уақыттарын үнемдеу, істердің сөзбұйдалыққа салынып көп уақытқа созылуына жол бермеу, сыбайлас жемқорлықты болғызбау, оның алдын алу мақсаттарында ақпараттық жүйелер қарқынды түрде енгізілуде.

Бұлардың барлығы да электронды сот төрелігінің қалыптасып, дамып келе жатырғандығының бір белгісі. Электронды сот өндірісі өзінің тиімділігін дәлелдеуде.

Сот әкімшісінің басшысы
К.О.АДЕНОВ

НАШАҚОРЛЫҚ — ҒАСЫР ДЕРТІ

Талай жастың өмірін құрдымға кетірген нашақорлықтың алдын алмаса апарар жері белгілі.



Қазіргі заман жастарының көбісі нашақорлыққа, есірткі мен темекіге тәуелді болып жүр. Осылардың әсерінен адамдардың денсаулығына көп зиян келеді. Есірткіні қолданған адамның денсаулығында қан айналымы мен түрлі түзілістердің Нашақорлық – ғасыр дерті. жұмысы қиындап, адамның өмір жасы азаяды. Сонымен қатар, түрлі ауруларға ұшырап, бет - әлпеті өзгеріске ұшырайды. Ісік ауруларымен көп ауыратын болып кетеді. Нашақорлықтың алдын алу маңызды нашақорлық-бұл адамның өзі үшін ғана емес, қоғам үшін де қауіпті ауру. Нашақорлық адамға апатты зиян келтіреді. Өтірік, сатқындық, қылмыс, отбасының бұзылуы, өлімге әкелетін аурулар – бұл нашақорлықтың серіктері. Халқымыздың денсаулықты байлық пен басқадан да жоғары қоюынан-ақ оның қадірі қаншалықты екенін білуге болады. Осындай баға жетпес бай-

лықтың қадірін түсінбей, өз өміріне өз қолдарымен балта шауып жүрген жандар қаншама! Қазіргі уақытта жастар арасында есірткіге бой ұру етек алып барады.

Бүгінгі күні нашақорлық бір адамның ғана басындағы емес, бүкіл қоғамның қасіреті болып отыр. Нашақорлықтың қасіретін тек дәрігерлер ғана емес, күнделікті көріп жүрген әр жан сезеді.

Нашақорлық туралы қаншама айтылып, көрсетіліп жүрсе де, оның азаймағына рас. Сондықтан бұл дертпен жалғыздықта күреспей, ел болып, халық болып біріге күрессек ғана оның алдын ала аламыз. Нашақор жандардан дүниеге дені сау перзент келуі екі талай, себебі есірткі дүние есігін әлі ашпаған, іште жатқан сәбидің ағзаларын улайды. Сондықтан жастар ойланайық, болашақ ұрпағымыздың өміріне балта шаппайық.

«Жарқамыс ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ

АРДАГЕРЛЕР АРАСЫНДА ӨТКЕН ЖАРЫС

2-3 мамыр аралығында Ақтөбе қаласында 1 мамыр «Халықтар бірлігі» күніне және Ұлы Отан соғысындағы жеңіске 81 жыл толу мерекесіне арналған 60 жастан жоғары ардагерлер арасында облыстық спартакиада болып өтті. Тоғызқұмалақ, шахмат, дойбы және үстел теннисінен өткен жарыста біздің ауданның ардагерлер командасы жақсы ойындарымен көзге түсті. Тоғызқұмалақтан III-орынға ие болып, жекелей есепте Абдулла Арыстан және Ораз Амангүл жүлделі III-орынды жеңіп алды. Теннис пен дойбыдан IV-орын, шахматтан V-орынға табан тіреп, жалпы командалық есепте жүлделі III-орынға ие болдық. 14 команда қатысқан жарыста жүлделі III-орын аудан командасы үшін үлкен жетістік. Команда құрамындағы 70-тен асып кетсе де әлі спорттық шеберлігін жоғалтпаған Берікова Жұмагүл мен Әлжан Құрманғалиды ерекше айтып өтуге болады.

Берік ТӨЛЕГЕНОВ

ЕСІРТКІ – ӨМІРДІ ҰРЛАЙТЫН ҮНСІЗ ҚАУІП

Нашақорлық – қазіргі қоғамдағы ең өзекті әрі қауіпті мәселелердің бірі. Бұл тек жеке адамның ғана емес, тұтас ұлттың болашағына қауіп төндіретін әлеуметтік дерт. Есірткіге тәуелділік адам денсаулығын бұзып қана қоймай, оның рухани, психологиялық және әлеуметтік жағдайына да ауыр зиян келтіреді.



Ең алдымен, нашақорлықтың пайда болу себептеріне тоқталу қажет. Көп жағдайда жастар есірткінің қызығушылықпен, достарының ықпалымен немесе өмірдегі қиындықтардан қашу үшін қолдана бастайды. Кейбіреулер күйзеліс, жалғыздық немесе өз-өзіне сенімсіздік салдарынан осы жолға түседі. Өкінішке қарай, алғашқы «тәжірибе» уақыт өте келе тәуелділікке айналып, адам өз өмірін өзі басқара алмайтын жағдайға жетеді. Нашақорлықтың адам ағзасына тигізер зияны орасан зор. Есірткі жүйке жүйесін бұзады, жүрек, бауыр, бүйрек сияқты маңызды мүшелердің жұмысын әлсіретеді. Сонымен қатар, адамның ойлау қабілеті төмендеп, есте сақтау қабілеті нашарлайды. Психологиялық тұрғыдан алғанда, нашақор адам ашушаң, күйгелек болып, қоғамнан оқшаулана бастайды. Бұл дерттің қоғамға тигізетін зияны да аз емес. Нашақорлық қылмыстың өсуіне, отбасылардың бұзылуына, жұмыс-

сыздықтың артуына алып келеді. Есірткіге тәуелді адамдар көбінесе заңсыз әрекеттерге барып, өз өмірін ғана емес, айналасындағы адамдардың өмірін де қауіпке тігеді.

Нашақорлықпен күресу – тек мемлекеттің ғана емес, әрбір азаматтың міндеті. Ең алдымен, жастар арасында дұрыс тәрбие мен түсіндіру жұмыстарын жүргізу маңызды. Спортпен айналысу, білім алу, пайдалы әдеттер қалыптастыру – есірткіден аулақ болудың тиімді жолдары. Сонымен қатар, ата-аналар балаларына көбірек көңіл бөліп, олардың ортасын, мінез-құлқын бақылап отыруы қажет.

Нашақорлық – болашақты бұзатын қауіпті жол. Әр адам өз өмірінің құндылығын түсініп, зиянды әдеттерден аулақ болғаны жөн. Салауатты өмір салтын ұстану – жарқын болашақтың кепілі.

«Баганин аудандық ішкі саясат бөлімі» ММ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Сыбайлас жемқорлық ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіретін ең қауіпті және кең таралған әлеуметтік жағымсыз құбылыстардың біріне жатқызылуы мүмкін, оның зиянды әсері мемлекеттік құрылым мен дәстүрге қарамастан кез келген елде сезіледі. Бірде-бір мемлекет сыбайлас жемқорлықты толығымен жою алмайды, бірақ қоғамның сыбайлас жемқорлық шегін төмендетуге болады.

Соңғы жылдары Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға мемлекеттік басқарудың жоғары деңгейінде үлкен көңіл бөлінуде. Біздің елімізде қазіргі заманға сай сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама жұмыс істейді, оның негізі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» және «Мемлекеттік қызмет туралы» заңдар болып табылады, бірқатар бағдарламалық құжаттар әзірленді және іске асырылуда, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы функцияларды кешенді іске асыратын арнайы уәкілетті орган құрылды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласында халықаралық ынтымақтастық белсенді жүзеге асырылуда.

Сыбайлас жемқорлық жаңа заманауи жағдайларға бейімделе отырып, онымен күресу тәсілдерін үнемі өзгертуді талап етеді. Сыбайлас жемқорлық ауқымы өсе келе, елеулі қауіп төндіреді. Ол азаматтардың мемлекеттік билікке деген сенімін бұзады, нәтижесінде тәуелсіз мемлекет ретінде елдің өмір сүруіне қауіп төндіреді, сондықтан осы әлеуметтік қолайсыз құбылысқа қарсы тұру - мемлекет-

тің, қоғамның және әрбір азаматтың міндеті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті ілгерілету, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне тезбеушілік ахуалын құру Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлықты ұлттық мәдениетке жат құбылыс ретінде түсіну және қабылдамау – бүкіл қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің негізі.

Қарауылкелді ауылдық округінің елді мекендерінде ауыл тұрғындары арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында түсіндірме жұмыстары үнемі жүргізіліп, жадинамалар таратылып келеді. Көне Ақтөбе-Астархан тас жолының жиегінде «Таза қоғам-сыбайлас жемқорлықсыз қоғам» атты баннер орналастырылған.

Сонымен қатар, Барақ батыр көшесі бойында орналасқан LED экраннан сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу, оның алдын алу бағытында видеоролик көрсетіліп отырылады.

«Қарауылкелді ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ

ЖЕМ - САҒЫЗ

Директор — Редактор Ұлықпан ҚАДІР

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді. Оны қайтармайды. Редакцияның тапсырмасы бойынша жазылмаған материалдарға қаламақы төленбейді. Авторлық мақалалар редакцияның түпкілікті көзқарасы болып табылмайды. Жарнамалар мен хабарландырудың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. * Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордан алынды.

Құттықтаймыз!

Алпыс бір жас ән болсын!

Ақпағанбетова Гүлжан әпкеміздің туған күніне арнау

Бірімізді бөлмейтін бірімізден, Бауырына басатын жылы жүзбен, Үйіміздің төл басы, тұңғыш гүлі Гүлжан апа, туылған күніңізбен!

Қаны туыс қашанда жаны туыс, Шырақ болған сіз бізге жарығымыз. Бірәе туған бір әке, бір анадан Құттықтайды Сізді бар бауырыңыз!

Арамызда орныңыз дара біздің Әлшемі жоқ, жанашыр бағаныздың, Қыдырбайдай асқар тау әкеміз бен Шаршаған аяулы анамыздың

Перзенті боп — ең қамқор, ғұмыр кешкен, Асау жылдар өтсе де білінбестен, Байганинде ел үшін есепші боп, Еңбек еттің бөлің бір бәуілместен.

Елге аян төккен тер, бейнетіңіз, Еңбегіңіз жалғасты күйге күміс. Туған күнмен баянды қатар келген Құтты болсын құрметті зейнетіңіз!

Алпыс бір жас — ән болсын ізгі өлеңмен, Қымбат жансыз Жаратқан бізге берген. Бармақтай бір бақ қонып басыңызға, Жадыратып, жас қосып жасыңызға, Тойыңызды тойлайық жүзге келген!

Ізгі тілекпен: барша бауырлары

КӨКЖӨТЕЛ АУРУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ!

Көкжөтел – бұл Bordetella pertussis таяқшасынан туындайтын, тыныс алу жолдарын зақымдаумен, ұстамалы жөтелмен, ұстаманың соңында «реприздермен» және құсұмен және қалың тұтқыр қақырықты бөлумен, ауыр түрлерінде тыныс алудың кідірісі және тоқтап қалуымен (апноэ) сипатталатын жедел респираторлық бактериялық жұқпалы ауру.



Инфекция көзі: көкжөтелмен ауыратын немесе бактерия тасымалдаушы адам.

Таралу жолы: ауа-тамшы (көкжөтелдің қоздырғышы ауа тамшыларымен, жөтелгенде, түшкіргенде, науқас сөйлескенде таралады).

Науқаспен байланыста болғанда жұғу ықтималдығы 90% дейін. Аурудың алғашқы 4-5 аптасында жоғары контагиозды.

Негізінен балалар арасында жиі кездеседі, әсіресе вакцинация алмағандар арасында. Аурудың алдын алуда вакцинация – басты құрал. Көкжөтел белгілері, әдетте, оны тудыратын бактериялармен жанасудан кейін 5-10 күн ішінде дамиды.

Ерте белгілері: - тұмаурату немесе мұрын бітелуі; - субфебрильді температура (ұзақ уақыт бойына дене температура-сының 37-37,9 С дейін көтерілуі); - жеңіл, үзік-үзік жөтел (нәрестелерде жөтел болмауы мүмкін); - кішкентай жастағы балаларда апноэ (тыныс тарылу ұстамасы) және цианоз (терінің жекелеген бөліктерінің, ерін мен саусақ ұштарының көгеруі).

Көкжөтел қарапайым тұмауға ұқсас. Алғашқы сиптомдар пайда болуынан кейін бір-екі апта өткен соң жылдам, қатты және бақылау мүмкін болмайтын жөтел ұстамалары дамиды. Жөтел ұстамасынан кейін дем тарту кезінде шығатын «ысқырған» дыбыс, құсу болады.

Бұл ауру кішкентай жастағы балалар үшін ерекше қауіптілік төндіреді, әрі асқынуды туындатуы және тіпті өліммен аяқталуға әкелуі мүмкін.

Көкжөтел ауруына қарсы негізгі алдын алу шарасы - вакцинация. ҚР Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес көкжөтелге қарсы егу 2, 3, 4 және 18 айлық жастағы балаларға көкжөтелге, дифтерияға, сіреспеге, «В» гепатитіне, гемофильді инфекцияға және полиомиелитке қарсы бір мезгілде кешенді вакцинамен жүргізіледі. Әрі қарай 6 жастағы балалар АБКДС күшейткіш дозасымен егіледі.

Сонымен қатар респираторлық ауру белгілері пайда болғанда дәрігерге уақытында қаралу, гигиеналық шаралар - белмені желдету, жиі ылғалды өңдеу, жеке гигиенаны сақтау, байланысты шектеу - жөтеліп жүрген адамдармен қарым-қатынасты азайтудың, эпидемиологиялық бақылау және ақпараттық түсіндіру жұмыстарының маңызы зор.

Көкжөтел – алдын алуға болатын жұқпалы ауру. Уақытында жүргізілген вакцинация мен санитариялық-гигиеналық шараларды сақтау – басты қорғаныс.

Байганин аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Ж.У.НҰРПА

Меншік иесі: «Қадір Ұлықпан Қаратайұлы» ЖК

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму Министрлігі Байланыс ақпараттану және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 8 сәуірде тіркеліп, №15190-Г куәлігі берілген.

«Жем - Сағыз» газеті редакциясының мекенжайы: 030300, Байганин ауданы Қарауылкелді селосы, Д. Қонаев көшесі, №35

Газет аптасына бір рет шығады Индексі: 65512 Таралымы 1404 Тапсырыс №628 Көлемі 1 баспа табақ.